

Shet shugýlasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetini

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 30 shilde 2026 jyl №30 (11 226)

Аудан әкімдігінде

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Жуырда аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен 2026 жылдың I жартыжылдығының (қаңтар-маусым) әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларына арналған әкімдік отырысы болып өтті. Жиында ауданның негізгі экономикалық көрсеткіштері, ауыл шаруашылығы, құрылыс және инфрақұрылым салаларындағы атқарылған жұмыстар егжей-тегжейлі талқыланды. Сондай-ақ, отырыста алдағы кезеңнің міндеттері қаралып, сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

Әкімдік отырысы барысында ауданның ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 20 млрд. 692,2 млн. теңгені құрап, нақты көлем индексі 103,8%-бен облыс бойынша жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Мал шаруашылығында оң өсім сақталып, ет өндірісі 8 199,5 тоннаға (104,5%), сүт өндірісі 25 253,2 тоннаға (103,0%) жеткен. Аудан бойынша ірі қара 107 765 басқа, жылқы 95 395 басқа, ұсақ мал 188 140 басқа көбейген. Сонымен қатар, саланы да-

мытуға 2 млрд. 150 млн. теңге инвестиция тартылып, жылдық жоспар 71,7 пайызға орындалған.

Сондай-ақ, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған инфрақұрылымдық жобалар қарқынды жүргізіліп жатыр. «Ауыл - Ел бесігі» жобасымен Красная Поляна ауылындағы су құбыры желілерін реконструкциялау жұмыстары 90%-ға аяқталған. Ақсу-Аюлы ауылындағы кәріз желілерінің құрылысы 67%-ға орындалып, 25 шақырым

желі төселді. Бұған қоса Ақсу-Аюлыда жабық жүзу бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жалғасуда. Отырысты қорытындылаған аудан әкімі М.Мұхтаров сала басшыларына инвестициялық жобаларды уақытылы жүзеге асыруды, жыл соңына дейінгі межелеңген индикаторларды толық орындауды және құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Өз тілшімізден.

Болат жолдың бойында

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ҚАЙТА ЖАҢАРТЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында ауданымызға қарасты Дәрия станциясының теміржол вокзалы толығымен жаңар-

дернизацияланды. Вокзалдың күту залдарында жаңа ауа баптау және желдету жүйелері, ыңғайлы орындықтар мен кесте стендтері орнатылды. Жо-



тылды. Бұл жұмысты «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясы теміржол инфрақұрылымын модернизациялау бағдарламасы бойынша жүзеге асырды.

Ашылу салтанатына аудан әкімі М.Мұхтаров, ҚТЖ-нің «Магистральдық желісі Қарағанды бөлімшесінің» директоры М.Ибраев қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

1936 жылы салынған вокзал ғимараты мен оған іргелес аумақ жолаушыларға заманауи сервис ұсыну үшін толық мо-

лаушылардың барлық санатына жағдай жасау мақсатында мүмкіндігі шектеулі жандар мен балалы аналарға арналған жеке күту бөлмелері және арнайы санитарлық тораптар жабдықталды. Вокзал маңындағы аумақ пен жолаушылар платформасы жөнделіп, заманауи жарықтандыру жүйесі орнатылды. Сонымен қатар, теміржолшылар үшін де барлық қолайлы жағдай жасалған қызметтік кабинеттер әзірленген.

Өз тілшімізден.

Жаңару үшін дауыс бер!

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ - ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІНЕ ЖАСАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ТАҢДАУ

Құрылтай сайлауы - мемлекетіміздің дамуына, қоғамның әл-ауқатына және елдің жарқын болашағына тікелей ықпал ететін маңызды саяси науқан. Бұл - әрбір азаматтың өз таңдауын жасап, елдің алдағы даму бағытын айқындауға қатысатын жауапты сәт.

Мен еліміздің тұрақты дамуына бағытталған бастамаларды әрдайым қолдаймын. Құрылтайда қабылданатын шешімдер көсіпкерлікті дамытуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға, жаңа өндірістердің ашылуына, жұмыс орындарының көбейуіне және халықтың тұрмыс сапасының артуына ықпал етеді. Бұл өзгерістер бизнестің өркендеуіне ғана емес, әрбір қазақстандықтың әл-ауқатының жақсаруына мүмкіндік береді.

Сондықтан мен де өз азаматтық ұстанымымды білдіріп, Құрылтай сайлауына қатысу

туралы шешім қабылдадым. Өйткені ел тағдырына қатысты маңызды мәселелерде әр азаматтың пікірі ескерілуі тиіс деп санаймын. Бүгінгі саналы таңдауымыз - ертеңгі берекелі өмірдің, тұрақты экономиканың және қуатты Қазақстанның кепілі. Еліміздің болашағын бірге қалыптастырып, ортақ мақсатымыз - өркендеген, дамыған және бақуатты мемлекет құру жолында бірлігімізді көрсетейік.

Салтанат
ТҰЯҚБАЙҚЫЗЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарам-

23 тамыз - ҚР Құрылтайы депутаттарын сайлауы

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

ды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта

аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Кәсіпкерлікке - өріс кең

КӘСІПКЕРЛЕР ӨЗ ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРА БАСТАДЫ

Алматы-Екатеринбург Республикалық маңызы бар тас жолының аудан аумағынан өтетін бөлігінде өз жобаларын іске асыру мақсатында бірқатар кәсіпкерлер мен кәсіпорындар жер алып, ағымдағы жылы кәсіпкерлік нысандардың құрылыс жұмыстарын бастаған болатын.

Жуырда Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы бастығының орынбасары Касенқан Расул Пәрменұлының және Шет ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ахмедия Самат Аманжолұлының қатысумен Ақсу-Аюлы ауылдық округінің аумағындағы жол бойындағы құрылысы жүріп жатқан нысандардың жұмыстармен және алдағы жоспарлармен танысып қайтты.

Атап айтсақ, жеке кәсіпкер Б.Мұсахановтың жанар-жағар май құю бекеті және ірі кешеннің жобасы. Жобаның жалпы құны 300,0 млн. теңге. Бұл жоба іске толық қосылған уақытта 10 жаңа



тұрақты жұмыс орны ашылмақшы. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтап, іске қосуды жоспарлауда.

Өз тілшімізден.

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚЫР-СЫРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Елімізде кәсіпкерлікті қолдау бойынша көптеген іс-шаралар жүзеге асуда. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың ұдайы назарында болып отырған осы саланы дамыту ел экономикасын тұрақтандыруға сеп болмақ.

Осы орайда еліміздегі

жылдың 15 шілдесі күні аудан кәсіпкерлері, ша-руақожалықтармен және кәсіпкерлікпен айналысуға ниет білдірген тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесуде қатысушылар тарапынан мемлекеттік бағдарламаларға



көпшілік көңілінен шығып жүрген, кәсіпкерге көмек пен кеңес беретін, идеяға қолдау жасайтын мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру мақсатында облыс орталығынан тиісті басшылар, несиелік серіктестіктер мен қорлардың жетекшілерінен құралған жылжымалы фронт-офис ағымдағы

енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қатысты қойылған сұрақтарға тиісті мамандар ақпараттар берді.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Өз тілшімізден.

Қоғамдық кеңесте

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ МЕН ВЕТЕРИНАРИЯ ҚЫЗМЕТІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ағымдағы жылдың 29 шілдесі күні аудандық мәслихаттың мәжіліс залында Шет аудандық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Отырысты Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Жаннұбеков ашып, жүргізіп отырды.

Күн тәртібінде «Жануарлар арасындағы бруцеллез, сібір жарасы және басқа да қауіпті аурулардың таралуын болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстар туралы» және «Ауданда мемлекеттік тіл саясатын ілгерілету және мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы» мәселелер қаралып, талқыланды.

Күн тәртібіндегі «Жануарлар арасындағы бруцеллез, сібір жарасы және басқа да қауіпті аурулардың таралуын болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстар туралы» мәселесі бойынша аудандық ветеринариялық станция директорының орынбасары Е.Шакаримов хабарлама жасады.

Ауданның ауылдық округтері мен кенттері бойынша жыл басында ветеринариялық-профилактикалық және диагностика-

лық іс-шаралар жоспары әзірленіп, айлық, тоқсандық, жартыжылдық және жылдық көрсеткіштерге сәйкес орындалуы қамтамасыз етілуде.

Ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың басым бөлігі толық

Диагностикалық зерттеулер бойынша бруцеллез ауруына тексеру жүргізіліп, ауру малдар мал иелері тарапынан жойылуға жіберілген.

Жалпы жоспарланған іс-шаралардың орындалуы нәтижесінде аса қауіпті жұқпалы аурулардың ал-



орындалған. Атап айтқанда, сібір жарасы, қарасан және аусыл ауруларына қарсы егулер жоспарға сәйкес немесе артығымен орындалды. Жылқы бойынша көрсеткіш вакцина жеткізілмеуіне байланысты толық орындалмай отырғандығын атап өтті.

дын алу қамтамасыз етілді.

Күн тәртібіндегі «Ауданда мемлекеттік тіл саясатын ілгерілету және мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы» мәселе бой-

ынша аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі М.Амантай ауданда тіл саясаты мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, қоғамдағы тілдік келісімді нығайтуға және ономастика саласын дамытуға бағытталғандығын, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру аясында тиісті іс-шаралар жүргізіліп жатқандығын баяндады. 2025 жылы бұл бағытқа 1 268,0 мың теңге қарастырылып, бөлінсе, 2026 жылы 2 163,0 мың теңге қарастырылған. Аудан бойынша мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі 95%, үш тілді меңгергендер 27%. Сұраныстың төмендеуіне байланысты 2026 жылы ағылшын тілі курстары тоқтатылып, оның орнына мемлекеттік қызметшілерге арналған тіл мәдениеті және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру курстары жоспарланып, жүргізілуде.

2026 жылы мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 809 387,0 мың теңге бөлінген. Қаражат есебінен мәдениет үйлері қажетті техникамен жабдықталып, ұлттық киім

тігу қызметтері ұйымдас-тырылды. Сонымен қатар, аудандық кітапханалар жүйесіне 8 406,0 мың теңге бөлініп, кітап қорын толықтыру және материалдық-техникалық базаны жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Қаралған мәселелер бойынша Қоғамдық кеңестің мүшелері Е.Жаннұбеков, М.Сәдуақасов, Б.Жанасыловтар өз ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын айтты. Атап айтқанда, халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында аудан аумағындағы мал сою (убойный) цехтарының жұмыс істемей тұрғанын, оларды қайта іске қосу қажеттігін, қаңғыбас иттерге, оларды аулап, ұстауды, сонымен қатар, мемлекеттік тілдің қолданысына және елді мекендердегі мәдениет үйлерінің материалдық-техникалық базаларына қатысты өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Кеңес мүшелері аталған бағыттар бойынша тиісті қаулы қабылдады.

Қоғамдық кеңес мүшелері алдағы отырыстың қарауына ұсынылатын мәселелерді талқылап, өтетін күнін жоспарлады.

Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы аяқталды.

Өз тілшімізден.



Заң мен тәртіп

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН ПАРАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық - ерте заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінгі дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Сыбайлас жемқорлық - әзірше әлемнің бір-де бір елі жеңіп шыға алмаған әлеуметтік бөле.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулата-

тын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа шек қойуға, әлеуметтік қатынастарды қоғамға зиян келтіріп мүмкіндіктерін асыра пайдаланудан мүмкіндік шегінде жағдай жасауға болады. Қазіргі

уақытта, елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасаудамыз.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

К.ЖАУБАСОВА,
Шет ауданының №2
аудандық сот Әкімшісінің
басшысы.

Әлеуметтік қолдау

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда Республикасында Құрылыс кодексі күшіне енеді. Бұл құжат, құрылыс саласындағы ашықтықты, қауіпсіздікті және жауапкершілікті арттыруға бағытталған кешенді өзгерістерді көздейді.

Кодексте алғаш рет «қолжетімді (кедергісіз) орта» ұғымына құқықтық анықтама беріліп, оның нақты критерийлері бекітілді.

Кодекске сәйкес, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық департаменттері халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету бөлігінде сәйкестік декларациясына қол қоюға уәкілетті болады.

Сәйкестік декларациясы - бұл жаңа объектіні пайдалануға беру актісі, ол салынған нысанның заңнама талаптары мен құрылыс нормаларына сәйкес келетінін растайды. Оның ішінде нысанның қауіпсіз пайдалануға дайын екені және мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділік талаптары сақталуы қамтылаған.

Нысандардың қолжетімділігі - бұл барша адам үшін тең мүмкіндік. Адам ауруханаға, банкке, дүкенге, мектепке немесе мемлекеттік мекемеге барған кезде кедергіге тап болмауы тиіс. Біздің міндетіміз - мүгедектігі бар адамдардың қызметтерді өз бетінше және ыңғайлы түрде алуына, еркін қозғалуына және қоғам өміріне басқа азаматтармен тең дәреже-

де қатысуына жағдай жасау.

Техникалық оңалту құралдарын (ТОҚ) қайтару механизмі: мәжбүрлеу емес, ерікті қолдау

Техникалық оңалту құралдарын қайтару механизмі - мәжбүрлі емес, ерікті әлеуметтік қолдау шарасы.

Әлеуметтік қорғау саласындағы даму бағытындағы заманауи шешімдерді сынақтан өткізу мақсатында Ұлттық әлеуметтік қорғау саласын дамыту ғылыми орталығы базасында биыл техникалық оңалту құралдарын қайтару механизмін енгізу бойынша пилоттық жоба іске қосылады.

Бұл механизм техникалық оңалту құралын бұзылған немесе жарамсыз болған жағдайда ауыстыру мүмкіндігін қарастырады. Қайтару қорында тиісті жарамды құрал болған жағдайда, алушы бұзылған техникалық құралды тапсырып, орнына баламалы құралды белгіленген тәртіппен ала алады.

Сонымен қатар, қайтару механизмі жекелеген техникалық оңалту құралдарын қайтарғаннан кейін оларды қайта пайдалану-

ды көздейді. Жеке гигиеналық немесе жеке пайдалануға арналған құралдар, мысалы протездік-ортопедиялық бұйымдар, жаялықтар және соған ұқсас құралдар қайтаруға және қайта пайдалануға жатпайды.

Бұдан бөлек, қайтарылған кейбір техникалық құралдар қайта пайдаланылуы мүмкін. Қайта берілмес бұрын олар техникалық тексерістен, санитарлық өңдеуден өтіп, қажет болған жағдайда жөндеуден өткізіледі. Содан кейін ғана олар басқа мүгедектігі бар адамдарға берілуі мүмкін.

Бұл механизм негізгі мақсаты - техникалық оңалту құралдарын үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ету және алу мерзімін қысқарту, мүгедектігі бар адамдар үшін олардың қолжетімділігін арттыру.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

По декларации

С 1 июля 2026 года в Казахстане вступает в силу Строительный Кодекс. Документ предусматривает комплексные изменения, направленные на повышение прозрачности, безопасности и ответственности в строительной отрасли.

Впервые в Кодексе дано правовое определение понятия доступная (безбарьерная) среда и четко утверждены ее критерии.

Согласно Кодексу территориальные департаменты Комитета регулирования и контроля в сфере социальной защиты населения уполномочены в под-

Сайлаушылар назарына!

ШЕТ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Шет ауданының аумақтық сайлау комиссиясы №591, 592, 601, 613, 616 учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығарылған комиссия мүшелерінің орнына 2026 жылғы 29 шілдедегі шешімімен «Қазақстан Республикасының 19-бабының 8-тармағына сәйкес сайлау комиссиясының мүшелері тағайындалдығын хабарлайды.

- Иманова Еркеш Аманжановна, №591 учаскелік сайлау комиссиясы;

- Бесимов Нуржан Турсунович, №591 учаскелік сайлау комиссиясы;

- Аубакирова Анара Нариковна, №592 учаскелік сайлау комиссиясы;

- Телмаганбетова Рымкеш Майкеновна, №601 учаскелік сайлау комиссиясы;

- Айтбекова Айнур Мейрамғалиевна, №613 учаскелік сайлау комиссиясы;

- Санджиев Ансаган Сабырович, №616 учаскелік сайлау комиссиясы.

Шет ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

писании декларации о соответствии в части обеспечение доступа для маломобильных групп населения.

Декларация о соответствии это Акт ввода в эксплуатацию нового объекта, которым подтверждается, что построенный объект соответствует требованиям законодательства и строительным нормам. В том числе, что объект готов к безопасной эксплуатации, включая требования по доступности для лиц с инвалидностью.

Доступность объектов - это про равные возможности для всех людей. Человек не должен сталкиваться с препятствиями при посещении больницы, банка, магазина, школы или государственного учреждения. Наша задача - создавать условия, чтобы люди с инвалидностью могли самостоятельно и комфортно получать услуги, передвигаться и участвовать в жизни общества наравне с другими.

Возвратный механизм ТСР: добровольная помощь, а не принуждение

Возвратный механизм технические средства реабилитации (*далее-ТСР*) является добровольной мерой поддержки, а не принудительной процедурой. Для отработки современных решений в сфере социальной защиты на базе Национального научного центра развития сферы социальной защиты в текущем году запускается пилотный проект по внедрению возвратного механизма технических средств реабилитации.

Возвратный механизм ТСР предусматривает возможность обмена техничес-

кого средства реабилитации в случае его поломки или неисправности. При наличии исправного ТСР в возвратном фонде получатель может сдать неисправное техническое средство и получить аналогичное ТСР в установленном порядке.

При этом возвратный механизм распространяется только на те виды ТСР, которые допускают безопасное повторное использование. Средства индивидуального пользования, такие как протезно-ортопедические изделия, подгузники и другие аналогичные средства, возврату и повторному использованию не подлежат.

Кроме того, возвратный механизм предусматривает повторное использование отдельных ТСР после их возврата. Перед повторной выдачей такие средства проходят проверку технического состояния, санитарную обработку и, при необходимости, ремонт, после чего могут быть переданы другим лицам с инвалидностью.

Основной целью возвратного механизма является обеспечение непрерывного пользования техническими средствами реабилитации, сокращение сроков ожидания их получения и повышение доступности ТСР для лиц с инвалидностью.

Республиканское государственное учреждение» Департамент комитета регулирования и контроля в области социальной защиты населения Министерства труда и социальной защиты населения РК по Карагандинской области.

Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров - 80 жаста

ҒАРЫШҚА САМҒАҒАН ҚАЗАҚ

Қазақ халқының маңдайына біткен біртуар тұлғалардың бірі, Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтің туғанына 80 жыл толуына орай жуырда Сәкен Сейфуллин атындағы кенттік мәдениет үйінде «Ғарышқа самғаған қазақ» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылып, өткізілді.

Танымдық әрі тағылымдық мәні зор кештің басты мақсаты - қазақ елінің даңқын әлемге танытқан тұлғаның өмір жолын насихаттау, жастардың бойына елжандылық рухын сіңіру және ғылым мен ғарышқа деген қызығушылығын арттыру болды.

Кеш шымылдығы қазақ елінің көк байрағын ғарыш кеңістігінде

желбіреткен Тоқтар Әубәкіровтің өмірі мен ерлігі жайлы мазмұнды бейнероликпен ашылды. Жүргізушілер қазақтың қайсар перзентінің бала күнгі арманы, әскери ұшқыш ретінде қалыптасуы, ғарышты бағындырған тарихи сапары мен Тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосқан елеулі еңбегі туралы әсерлі әңгімелеп, шараға қатысушыларға ғарыш жайлы көптеген мағлұматтар беріп өтті.

Кеш барысында қатысушылар Отан, ерлік және ғарыш тақырыбындағы жүрекке жылы өлеңдерді мәнерлеп оқып, патриоттық әндер орындады. Әдеби композициялар мен сахналық көріністер арқылы қазақ халқының өр рухы, ел

мақтанышына айналған тұлғаның қайсар мінезі мен туған жерге деген сүйіспеншілігі көркем бейнеленді.

Сонымен қатар, шара аясында Тоқтар Әубәкіровтің өмірі мен ғарыш әлеміне арналған кітап және ақпараттық көрме ұйымдастырылып, көрермендерге батыр ғарышкердің өмірі мен еңбегі туралы тың деректер ұсынылды.

Кеш соңында ұйымдастырушылар мұндай тәрбиелік мәні зор іс-шаралардың жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, елін сүйетін, Отанын мақтан тұтатын азамат тәрбиелеуде маңызы зор екенін атап өтті.



Тоқтар Әубәкіровтің есімі - қазақ халқының қайсарлығы мен арманға адалдығының жарқын белгісі. Ғарышты бағындырған қазақтың ерлігі - ұлт мақтанышы, кейінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі.

**Риза
ЗӘМІРБЕКҚЫЗЫ,
кенттік мәдениет
үйінің меңгерушісі.
С.Сейфуллин кенті.**

Арқа жүйрігі - 2026

ӨСПЕНДЕ ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫНЫҢ ДҮБІРЛІ ДОДАСЫ ӨТТІ

Жақында ауданымызға қарасты Өспен ауылында ұлттық ат спортының мәртебесін асқақтатқан «Арқа жүйрігі - 2026» республикалық бәйгесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қазақтың қанына

шабандоздардың қайратын, жүйріктердің бапталуын сынайтын ұлы дода.

Бұл шараның негізгі түпкі мақсаты - жігіттердің патриотизмін, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, жаста-

ғанды облысының Бәйге федерациясының демеушілігімен, ауыл жанашыры Исин Мақсат ағамыздың, Еркіндік ауылының тумасы, «Арқа Алтын тұлпар» жобасының авторы Жәкеш Ербол ағамыздың қолдауымен, сондай-ақ, ауыл азаматтары мен атбегілерінің бірлескен еңбегінің арқасында өтті.

Бәйге аясында «Арқа Алтын тай», «Арқа Алтын құнан», «Арқа Алтын тұлпар» және Топ бәйге ұйымдастырылып, Қарағанды және Ұлытау облыстарынан келген сәйгүліктер бақтарын сынады. Негізінен ат спорты тартысты өтіп, ұлттық спорттың көркін қыздырған айтулы мерекеге айналды. Бағы мен бабы сынға түсетін небір сәйгүлік осы алаңда. Байрақты бөсекеге кілмықты атбегілер жиналған. Ауыздығымен алысқан арғымақтар бірнеше шақырымға шауып, ойын әу бастан қыза түсті. Шабандоздар алғашқы кезеңнен көзге түсіп, бас



біткен жүйріктік пен намысты жырлаған ат бәйгесі ауыл ойындарының сәні екені белгілі. Негізінен ат бәйгесі ауылдың рухын көтеріп,

рымыздың ат бәйгесіне деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

Ұлттық спортты ұлықтаған дүбірлі дода Қара-



жүлдені қанжығаларына байлады.

Жарыс қорытындысы бойынша бас жүлдеге 3 автокөлік тігілді.

“Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар” демекші, нағыз жүйрік тұлпарлар анықталып, жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Мәселен «Арқа Алтын тай» бәйгесінде Бидайық ауылынан келген Оқжетпес тұлпары еншілесі, «Арқа Алтын құнан» бәйгесінде Ақтоғай ауылынан қатысқан Айханым атты тұлпары топ жарды.

Ал, топ бәйгеде Бидайық ауылының арғымағы Ариелка тұлпары жүйріктігімен озық көрінсе, «Арқа Алтын тұлпар» бәйгесінде Тоғызқұдық ауылынан бәйгеге қосылған Көкшоқай аты сәйгүлігі озық танылып, дода мәресіне бірінші болып жетіп, жүйріктігін таныта білді.

«Арқа жүйрігі - 2026» бәйгесі - халқымыздың ғасырлардан жалғасқан атбегілік дәстүрін дәріптеп, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртқан, жас ұрпаққа өнеге болған тағылымды шара.

Қазақ ұлттық ойындарға бай. Оның ішінде

ат бәйгесінің орны ерекше. “Ат - ер қанаты, жан серігі” деп ұлы даланың тарихын тұлпардың тұяғымен жазған. Осындай ауқымды доданың Өспен ауылында өтуі - ауыл тұрғындары үшін үлкен мәртебе. Көшпенділердің бүгінгі төл ұрпағы - алаш жұрты бар да ат бәйгесінің келешегі кемел болмақ. Біз де алдағы уақытта да ат спорты жандана береді деген ойдамыз. Бүгінгідей делебе қоздырған доданы өткізуге атсалысқан, елжанды тілеулес азаматтарымызға, демеушілерге зор ризашылығымызды білдіреміз. Сонымен қатар ұлттық спортқа қолдау көрсетіп, жүйріктерін бәйгеге қосқан барша атбегілерге және ауыл азаматтарына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Ұлттық спорт - ұлт рухының айнасы. Дәстүріміз дәріптеліп, тұлпарларымыздың тұяғы талмасын демекпіз.

**Ұлан ДӘУЛЕТОВ,
ауылдық округ
әкімінің бас маманы.
Өспен ауылы.**





ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖАДЫМЫЗДА

Елішінде саналы ғұмырын туған жердің тынысын түлетуге, ауыл шаруашылығының өркендеуіне арнап, адал еңбегімен ел құрметіне бөленген, қолынан өнер тамған ісмер азаматтар аз емес. Олардың өмір жолы - қарапайым еңбекке деген құрметті дәріптеп, маңдай термен келген адал табыстың қадірін ұғындырған тағылымды тағдырлар.

Солардың бірі - туған топырағына деген шексіз сүйіспеншілік пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдырған, өмірден ерте озған Күзембаев Құрман Оралұлы. Ол қай салада қызмет етсе де, ел игілігін бәрінен биік қойып, аянбай еңбектенді. Осындай ардақты азаматтың ғибратқа толы ғұмыры - кейінгі ұрпаққа үлгі, ел жадында мәңгі сақталатын асыл мұра.

Құрман Оралұлы 1946 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау ауылында (қазіргі кезде Жарылғап батыр атындағы ауыл) дүниеге келген.

Әкесі Орал Күзембайұлы Ақадыр, Шет өңіріне есімі белгілі темірден түйін түйген шебер, зергер, ұста болған. Ол кісі туралы көзі көргендер бүгінгі күнге дейін аңыз әңгімелерін айтып жүреді. Қолынан келген өнерін алты бірдей ұлдарына дарытып, барлығын шебер етіп өсірді. Әкелеріне тартқан балалары дүйім халықтың ортасында ісмерлігімен, іскерлігімен ерекшеленді.

Ең үлкен ұлы Кенбай жастайынан техникаға ерекше үйір болды. Инженерлік тапқырлығының арқасында көпшілікке танылып, техниканы жетілдіруге бағытталған талай рационализаторлық ұсыныстар енгізді. «Ақшатау» кеңшарында (совхозында) машина ауласының меңгерушісі, кейін бас инженер қызметтерін абыроймен атқарды. Өмірінің соңғы жылдарында Ақшатау ауылының әкімі болып, ел игілігі жолында еңбек етті.

Одан кейінгі ұлы Құрал Оралұлы Ақадыр ауданының шаруашылықтарында басшылық қызметтерін атқарып, кейін Жезқазған және Қарағанды облыстық ауыл шаруашылық басқармаларында жауапты лауазымдарда еңбек етті. Саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, зейнеткерлікке шыққанға дейін өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарды.

Тағы бір ұлы Нәсіп Оралұлы да өнерден құр алақан емес еді. Өмір бойы аудандық бөлімдерде есепші болып еңбек еткенімен, қолы қалт еткен сәттерде сүйікті ісіне айналған сағат жөндеумен шұғылданатын. Әсіресе қол сағаттарының сан алуан тетіктерін жетік меңгеріп, істен шыққан уақыт өлшегіштерді қайтадан іске қосатын нағыз шебер болды. Ол заманда сағат тақпайтын адам кемде-кем болғандықтан, жұртшылық сағатын жөндеу үшін алдымен Нәсіп ағаны іздеп баратын.

Әбілсейіт Оралұлы да әке дарытқан еңбекқорлық пен шеберлікті бойына сіңірген азамат. Ол Ақадыр өңіріне етікшілік өнерімен кеңінен танылды. Ұзақ жылдар аудандық тұрмыстық комбинатта өз мамандығы бойынша абыройлы еңбек етіп, сапалы қызметімен халықтың ықыласына бөленді. Зейнет жасына жеткеніне қарамастан, сүйікті кәсібин күні бүгінге дейін жалғастырып келеді.

Өкінішке қарай, өмірден мезгілсіз озған кенже ұлы Мейрам Оралұлына да табиғи талант пен ерекше шеберлік дарыған еді. Үлкен ағасы Кенбайға тартқан ол техниканың тілін жетік меңгеріп, темірден түйін түйген нағыз ісмер болды. Қандай күрделі техника болмасын, оның құрылысын тез меңгеріп, ақауын дәл тауып, қалпына келтіретін. Жеңіл автокөліктерден бастап ауыр жүк көліктеріне, қарапайым тракторлардан алып К-700 тракторына дейін бөлшектеп, қайта жинап шығатын шеберлігіне көпшілік тәнті болатын.

Мейрам тек техника саласымен ғана шектелмей, құрылыс пен ауыл шаруашылығының да қыр-сырын жетік білді. Соның жарқын дәлелдерінің бірі - Ақадыр кентіндегі құрылыс материалдарын сататын «Құры-

лыс» дүкенінің ашылуы. Бұл сауда орнының іргесін қалауға және оның аяғынан тік тұруына Мейрамның сіңірген еңбегі зор болды. Бүгінде мұнда кент тұрғындарымен қатар, маңайдағы ауылдардың, тіпті аудан орталығы Ақсу-Аюлының тұрғындары да шеге, тақтай, әк, сыр-бояу, құбыр және басқа да құрылыс пен жөндеу жұмыстарына қажетті материалдарды сатып алады.

Сонымен қатар, өз қолымен негізін қалап, темірқазығын қаққан шаруа қожалығын да кейінгі ұрпағына аманат етіп қалдырды. Жылқы, сиыр, қой-ешкі өсіруге бағытталған бұл шаруашылықты бүгінде ұлы Айдос абыроймен басқарып, әке жолын лайықты жалғастырып келеді. Осылайша Мейрам Оралұлының маңдай терімен құрған еңбегі бүгінгі күні де өз жемісін беріп, ұрпағына игілігін тигізуде.

Басты кейіпкерімізге оралсақ, Құрман Оралұлы орта мектепті тәмамдаған соң, алғашқы еңбек жолын он жеті жасынан бастап Ақшатау кен-байыту комбинатына қарасты автокөлік цехының слесарь көмекшілігінен бастайды. Өйткені, әке-ағасынан үйренген техниканың тілі оған тым жақын еді. Адам өмірінде өзінің сүйікті ісімен айналыса үлкен табыстарға жететіні бәрімізге абзал.

Мен осы жолғы әңгімемде бұрынғы жазу стереотипімді өзгертіп, Құрекеңнің бүкіл өмірбаянына тоқталмай, тек оны жақын білетін кезімнен естелігімді айтсам деймін.

Құрман Оралұлы «Босаға» кеңшарынан ауысып «Ақадыр» кеңшарында еңбегін жалғастырды. Көп ұзамай, осы шаруашылықты құрылғанынан бастап отыз жылға жуық директор қызметін атқарған, ауыл шаруашылық саласының майталманы, іскер басшы болған Көкжалов Зәкір Көкжалұлы зейнеткерлікке шығып, оның орнына Құрекең тағайындалды.

«Ақадыр» кеңшарының тарихына үңілсек, ол 1965 жылы қой шаруашылығын дамыту мақсатында Кеңес Үкіметінің қаулысымен құрылған. Сол жылдары Кеңес Одағы Қазақстанда қой малын 50 миллионға жеткізу бағдарламасын іске асырумен айналысып жатқан кезі болатын. Жаңадан құрылған кеңшардың директорлық тізгіні басқа шаруашылықты басқарып жүрген Зәкір Көкжалұлына берілді. Онымен қатар шаруашылық басшылары болып Елеубеков Сұлтан-ғали, Келесбаев Құлтай, Хамзин Кеңесбек, Шәтеков Демесін, Бакиров Дүйсенбай, Жұманов Бекежан, Смет Алтай, тағы басқалар болды.

Шаруашылықта атағы облысымызға белгілі болған аға шопан Дуанбаев Айтбек қажырлы еңбегімен көзге түсіп жүрді. 100 аналықтан бірнеше жылдар бойы 100-112 қозы алғаны үшін Еңбек Қызыл Ту, «Еңбек даңқы» ордендерімен марапатталды. Жұмыс тәжірибесі Жезқазған облысы бойынша насихатталып, облыстық «Жезқазған туы» газетінің беттерінде жарияланды.

Кеңес Үкіметінің орден, медальдарымен наградталған аға шопандар Изатов Кәріғұл, Әдеханов Егінбай, Рахимов Мағаз, Бектаев Қадыр, тағы басқалары шаруашылықтың дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қосты.

Аталған шаруашылықта жылқы фермасы болып, қазақтың қасиетті малын өсірді. Кеңшар шөлейт жерде орналасқандықтан механизаторлар үшін жем-шөп дайындауда қиын сәттер көп болғаны рас. Азық дайындау үшін жаз бойы Ақдалаға аттанып, шалғынды кешуге тура келді. Шабылған шөпті жүздеген шақырым жерден қыстақтардың басына жеткізу де біраз күш жұмсауды керек қылды. Тіпті, Ақдалада шөп шықпай қалған кезеңдерде еліміздің басқа



облыстарына барып, малға азық дайындау қажет болды.

Осыдан екі жыл бұрын шаруашылықпен қатар құрылған Ақсарылы ауылының іргетасы қаланғанына 60 жыл толуына орай еліміздің түкпір-түкпірінен кеңшардың байырғы еңбеккерлері бас қосып, тағылымы мол мерейтойлық шара өткізді. Бір кездері бірге еңбек етіп, бір мақсат жолында тер төккен жандардың өткенді еске алып, сағынышпен қауышқан әсерлі кездесуі болды.

Құрман Оралұлы кеңшарды басқарып тұрған кезең еліміздегі аса күрделі өзгерістермен тұспа-тұс келді. Дәл сол уақытта шаруашылық мемлекеттік меншіктен шығарылып, жекешелендіру науқаны басталды. Жезқазған аумақтық Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру комитетінің бұйрығымен «Ақадыр» кеңшарын жекешелендіру жөніндегі комиссияның төрағасы болып бекітілді. Сөйтіп, сол күннен бастап Құрекеңмен иық тіресе еңбек етіп, тағдырлы істің бел ортасында бірге жүрдік.

Алдымыздан шыққан қиындық аз болған жоқ. Өйткені бұған дейін, шамамен үш-төрт жыл бұрын, кеңшар тарай бастағанда қыстақтардағы техника, мал және басқа да мүліктер сол жерде еңбек етіп жүрген қойшылар мен жұмысшыларға тұтастай бөлініп берілген еді. Алайда жекешелендіру туралы заң талаптары мүлде басқа болатын. Заң бойынша әрбір адам өзіне тиесілі үлесті кеңшардағы жалпы және еңбек өтіліне, белгіленген коэффициенттерге сәйкес жинаған пайы арқылы алуға тиіс болды. Осының салдарынан көптеген қайшылықтар туындады. Бір шаруашылық-тарға техника мен мал артық тиіп жатса, енді біреулерге тиесілі үлес толық жетпей қалды. Әділдік сақталып, өркімнің заңды үлесін анықтау үшін кеңшардың барлық мүлкі қайта есептеліп, әрбір еңбеккердің пайы мұқият қайта қаралды. Бұл аса жауапты әрі күрделі жұмыс еді. Әрбір мәселені заң аясында шешіп, адамдардың көңіліне қаяу түсірмеуге күш салдық.

Осындай тынымсыз еңбектің арқасында ғана барлық түйткіл біртіндеп шешімін тауып, жекешелендіру жұмыстары толық ретке келтірілді. Аталған жұмыстарды аяқтауға бір жылға жуық уақыт жұмсалды. Осы кездері Құрман Оралұлының сабырлылығы, заңды берік ұстануы және қиын кезеңде ел мүддесін жоғары қойған басшы ретіндегі болмысы анық көрінді.

Бірнеше жылдан бері өздеріне меншік етіп, ие болып жүрген заттан айрылу оңай ма? Артық мүлікке ие болып қалғандар қасарысып та, қарсыласып та бақты. Тіпті, бермеудің амалын жасау үшін жоғары жақтағы туысқандарын, таныстарын да салды. Бірақ, заңның аты заң, олқылықтарды түбегейлі жоймасақ та ретке келтіруде біраз шаруа жасалды. Осы кезеңде Құрман Оралұлының көмегі көп болды. Заң шеңберінде жұмыс

жасап, халық алдындағы үлкен жауапкершілігін, ұйымдастырушылық қабілетін, табандылығын көрсетті. Өзінің табиғи қарапайымдылығымен, адамгершілік қасиеттерімен ұжым арасында беделі биік болды.

Жүйелі жасалған шаралардың арқасында «Ақадыр» кеңшарының таратылуы заңдарға сәйкестеніп, ұжымның әрбір мүшесі тиесілі үлестерін алып, соған орай техникасын, мал баздарын қыстағымен, жылқы, қой-ешкі, өзге де мүліктерін алып, жеке субъект ретінде жұмыстарын жалғастырды.

Кейін кеңшар толығымен тараған соң Құрекең аудандық тұрмыстық комбинатын басқарды. Ол мекемеде тігіншілер, етікшілер, фотоға түсірушілер, химчистка, т.б. цехтары жұмыс атқарды. Бір сөзбен айтқанда, халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін мекеме болды. Осы жерде де ол өзінің біліктілігін, мекеме басқару тәсілдерін көрсете алды.

Құрман Оралұлы қай жерде жүрсе де техникаға бейімділігін танытып, оны жөндеу ісіндегі ептілігі мен шеберлігін үнемі дәлелдеп жүрді. Әсіресе көліктің тұтандыру (зажигание) жүйесін дәл қойып, қозғалтқыштың жұмысын, оталдыру шамдарының (свечалардың) ақауын оңай ретке келтіретін.

Мініп жүрген көлігім қақалып-шашалып, дұрыс жүрмей қалса, бірден Құрекеңге баратынмын. Үстінде костюм-шалбар, мойнында галстук болса да, капотты ашқызып, еш қымсынбастан ақауды қолымен іздеп тауып, өп-сәтте жөндеп беретін. Жұмысын аяқтаған соң:

- Таза шүберегің бар ма? - деп сұрайтын.

Саусақтарының ұшына аздап жұққан майды шүберекпен сүртіп алып:

- Ал енді бәрі дұрыс, жүре бер! - дейтін.

Сонда үсті-басына шаң да, май да жұқтырмайтын ұқыптылығына таң қалатынмын.

Менің қызметтік УАЗ-462 маркалы көлігім болды. Ол жүз шақырымға 14 литр жанар-жағармай жұмсайтын. Көлік жүргізушіміз екеуміздің жүрісіміз көп болғандықтан, бензин үнемі жетіспейтін. Ол кезде тек мемлекеттік жанар-жағармай ғана берілетін, ақылы жанармай құю бекеттері өлі жоқ еді. Оның өзі кейде тапшы болып қалатын.

Бірде осы жайды Құрекеңе айтқанымда:

- «Москвичтің» карбюраторын алып, маған үйге кел, - деді.

Айтқанын орындап, кешкісін үйіне бардым. Ол капотты ашып, біраз қарап шықты да, өзім алып барған карбюраторды орнатып берді. Содан бастап көлігіміздің жанар-жағармай шығыны екі есеге жуық азайып, едәуір үнемді жүретін болды.

Осы мақаламды толықтыра түсетін, Құрекеңмен бірге бастан өткерген бір оқиғаны айта кетуді жөн көрдім. Қыстың қақаған аязды күндерінің бірі еді. Көлігімді көрсетіп, қарап беруін өтініп, Құрекеңе хабарластым. Ертеңіне, сенбі күні оның үйіне баруға келістік. Ол кезде ауласында биік, қыста пеш жағылатын жылы гаражы болатын. Мұндай жерде көлік жөндеу әлдеқайда қолайлы еді.

Таңертең ертерек үйіне бардық. Құрекең көліктің ақауын мұқият қарап, жөндей бастады. Бір кезде маған бұрылып:

- Қалижан, үйге кіріп, жеңгеңнің шайын ішіп шықсақ қалай болады? - деді.

Құрекеңнің менен он жас үлкендігі бар еді. Мен де өзілге бұрып:

- Құреке, таңғы шайымызды ішіп келген жоқпыз ба? Әуелі көлікті жасап алайық, сосын шайды да асықпай ішерміз. Жеңгейдің шайы ешқандай қашпайды ғой, - деп жауап бердім. Сонда Құрекең: - Үйге қонақтар келіп еді, - деді.

- Ол кімдер? - деп мен де қызыға сұрадым.

- Қожамсейітов Назарбек деген кісі, - деп қысқа қайырды.

Менің есіме дереу белгілі қазақстандық астролог, жұлдызшы және табиғи құбылыстарды болжаушы Қожамсейітов Назарбек түсе қалды. Ол кісіні сырттай танитынмын. Халық арасында «жұлдызшы», «болжаушы» ретінде танылып, бұқаралық-ақпараттық құралдарының беттерінде, республикалық телеарналарда алдағы мезгілдерге (қыс, көктем, жаз) арналған ауа-райы болжамдарымен жиі бөлісіп жүретін. Ол кісіні көрсем деп те ойлайтынмын. Бір жағынан Арғын-Атығай елінің азаматы, менің нағашым болып келеді. Шайға баруға келіспеске болмады.

Үйге келсек дөңгелек столдың төрінде бурыл шашты, ептеп ақ кірген, қалың мұртты кісі отыр. Жүзінен үлкен байсалдылық, парасаттылық пен зиялылық байқалады. Көзқарасы өткір, ойлы және көпті көрген дана адамдарға тән жылылық сезіліп тұрғандай көрінді. Ол кісі маған бірден ұнады. Жанында ауданымыздың белгілі ветеринарлық дәрігері Жамбылов Сайлауқали.

Танысып болған соң, бәріміз тек ғана Назекеңнің әңгімесін тыңдаумен болдық. Күнде кездесіп жүретін адам емес, елімізге танымал азамат.

Шай үстінде өзінің Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтын бітіргенін, көп жылдық тәжірибесі бар агроном болғанын айтты. Назекең жай ауа-райын болжаушысы емес, атадан балаға жалғасқан халықтық күнтізбе мен табиғат белгілерін зерттеген тәжірибелі болжампаз болып шықты. Осы дарындылығы арқылы Қазақстанның облыстарын аралап, шаруаларға қай уақытта бидай, арпа, картоп және басқа да дақылдарды егу керегін айтып, алдағы маусымның жауынды, қуаң немесе салқын болатынын болжап беріп жүрген. Қолында атасы мен әкесінен қалған көне жазбалар, күнтізбелік дәптерлер барын да айтты. Сол жазбаларындағы табиғат құбылыстары мен көпжылдық бақылау-ларына сүйенеді екен.

Әңгімесін қыздыра түсіп, емшілік қасиеті бар екенін айтып қалды. Бір-екі мысал келтіріп, қамшылау тәсілімен жүрек, қан-тамырлары ауруларын емдейді екен. Одан ем алған бір адам алдында бірнеше инфаркт алса да, емнен кейін олардың ізі де қалмаған. Біраздан кейін жең-геміздің үлкен асы да келді. Өңгімемен түскі уақыттың болғанын да байқамай қалыппыз.

Сол күні Құрекеңнің арқасында аты аңызға айналған Назарбек Қожамсейітовпен танысудың сәті түсіп, оның өз аузынан айтқан тағылымды әңгімелерін тыңдап, бір жасап қалған едік...

Құрман Оралұлының өмірлік жары Ақбала Мұқатайқызы Астана қаласында тұрады. Қыздары Күншат пен күйеу баласы Марат Қайроллаұлынан өрбіген үш немересінің қызығын көріп отырған ардақты ана, ауялы әже. Ақбала жеңешеміз менің қарындасымның жақын қайын апасы болғандықтан, екеуі де мені әрдайым «құдамыз» деп ерекше құрметтеп, өздерінің ыстық ықыластарын аямайтын. Өкінішке орай, Құрекең осыдан бірнеше жыл бұрын ұзаққа созылған науқастан кейін өмірден өтті.

Міне, Күзембаев Құрман Оралұлы туралы жадымда сақталған бірқатар естеліктерді ортаға салдым. Менің есімде ол кісі әрдайым көпшіл, қарапайым, ақжарымын мінезімен, адамгершілігімен ерекшеленген жан болып қалады. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқорлық таныта білетін, айналасына мейірім мен шуақ сыпалаған азамат еді. Еңбекқорлығы, кез келген істі тиянақты атқаратын іскерлігі көпшілікке үлгі болды.

Жақсының аты өшпейді, өнегелі ісі ұмытылмайды. Құрекеңнің жарқын бейнесі мен игі істері кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала беретініне сенімім мол.

Қалижан БЕКҚОЖА,
Ақадыр кенті.

Имандылық

ИСЛАМДАҒЫ МЕЙІРІМДІЛІК

Мейірім - адам бойындағы шынайылық пен сүйіспеншіліктен туындайтын жүрек мейірбандығы. Ол рақым шуағынан тарайтын этика нормасы. Мемлекет басшысының отандастарына, имамның жамағатқа, әкешешенің балаларына, байдың кедейге, денсаулығы дәрменділердің науқастарға жанашырлығы мейірімділіктен туындаса керек. Сондай-ақ, Алла Тағаланың құлдарына, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне, мұсылмандардың бір-біріне деген мейірімі оның басқдай қырын көрсетуде.

Рақым мен мейірім - бір ұғым. Негізінде рақым деп жүрек нәзіктігін, жұмсақтығын айтамыз. Алайда ол мейірім, сүйіспеншілік деген мағыналарды да білдіреді. Ал қатыгез, тасжүрек кісілерге мейірім пен сүйіспеншіліктен жұрдай адам деп жататындығымыз содан. Мұны этикалық тұрғыдан төмен деп бағамдауға болады.

Назар аударатын болсақ, мейірім пен рақымның ортақ нүктесін «сүйіспеншілік» қалыптастыруда. Егер жүректен сүйіспеншілік алынып тасталса, мейірім мен рақымның ұшқыны қалмайды. Олай болса, мейірім

мен рақымның өзегі - сүйіспеншілікте. Сондықтан екеуі бір арнада тұрса, ол жерде міндетті түрде сүйіспеншілік бар деген сөз.

Құран Көрімде Алла Тағаланың құлдарына (пендесіне) деген мейірімі мен рақымы туралы аяттардың көптеп келуі, Алланың адамзатқа деген сүйіспеншілігіне ишарат етуде. Яғни Алла Тағала көптеген аяттарында: «Алла - құлдарына ерекше мейірімді» («Бақара» сүресі, 207-аят), «Күмәнсіз Алла адамдарға ерекше мейірімді және өте рақымды» («Хаж» сүресі, 65-аят) деп, құлдарын өте жақсы көретінін және оларды

қолдап, қорғайтынын айқын білдірген.

Мейірім мен рақым - иләһи сезім және рахмани сипат. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде Алла Тағала өзінің рақымын жүзге бөлгенін, тоқсан тоғыз бөлігін өзіне қалдырып, қалған бір бөлігін әлемге (жер бетіне) түсіріп, оны адам, жын және хайуанат сияқты жанды мақлұқаттарға бөліп бергенін білдіреді. Тіпті бір биенің құлынын басып кетпейін деп аяғын абайлап басуының өзі осы рақымнан туындауда (Бұхари, Әдеп 19).

Ұлы Жаратушымыз мұндай мейірімді бізден де күтуде. Адамзат бала-сына сүйіспеншілік танытуды, мейірім мен рақым көрсетуді талап етуде. «Бір-бірлеріңді жақсы көрмейінше жәннатқа кіре алмайсыңдар» (Тирмизи, Сифатул-Қияма, 57), «Рақым көрсетпегенге, рақым көрсетілмейді» (Бұхари, Әдеп, 18), «Алла Тағала адамдарға рақым етпегендерге рақым етпейді» (Бұхари, Таухид 2) деген хадистер бізді мейірім мен рақымға баулуда.

Құран Көрімде сахабалардың мейірімі мен рақымы тұрғысында «Мұхаммед - Алланың пайғамбары. Оның жанындағылар болса, кәпірлерге өте қатал, ал өз араларында өте мейірімді» («Фатх» сүресі, 29-аят) деп дәріптелген.

Ислам руханиятының төрінен орын алатын мейірім мен рақым тек адам баласымен ғана шектеліп қалмай, хайуанатқа да мейіріммен мәміле жасауға көңіл бөледі.

Дініміз бойынша барша жаратылғанға мейірім мен рақым жасау, олардың мұқтажына ортақта-су - әрбіріміздің басты міндетіміз.

Берік
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
аудандық
«Жанқұтты би»
мешітінің имамы.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Akmaya Tungsten» ЖШС Қарағанды облысындағы Ақмая кен орнында тау-кен байыту комбинатын салу үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға қажетті жобалық құжаттама (жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізілетін болады: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шет а.о., Үнірек ауылы.

Географиялық координаттар:		
№ п/п	х	у
1	48°44'12"	73°00'37"
2	48°44'15"	73°03'13"
3	48°43'02"	73°03'16"
4	48°43'00"	73°01'09"
5	48°43'05"	73°00'57"
6	48°43'35"	73°00'38"

Ашық жиналыс арқылы тыңдаулар өткізілетін күн мен уақыт: 09.09.2026 ж. сағат 12.00-де.

Орны: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шет ауылдық округі, Үнірек ауылы, Үнірек көшесі, 24а ғимараты, «Қарағанды облысы Шет ауданы Шет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Zoom конференциясы арқылы онлайн форматта тыңдаулар өткізу үшін сілтеме:
https://zoom.us/j/93119443773?pwd=mfTbbN0NF8YqAJYOey3KasU8BiBW1W.1
Идентификатор конференции: 931 1944 3773
Код доступа: 2хур3В

Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «Akmaya Tungsten» ЖШС, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат, 13-қабат, 190640005009, Николай Куценко, +77058555033, nikolai.kutsenko@aaengineering.kz.

Құжаттаманы әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «AAEngineering Group» ЖШС, БСН 931140000158, 050000, Алматы қ., Нұр-Алатау шағын ауданы, Е.Рахматиев көшесі, 21 үй, тел. 8 (7272)282-565 ішкі 5071.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында танысуға болады - https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang.

Қажет болған жағдайда, қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттардың қағаз нұсқасымен алдын ала талап бойынша танысуға болады, тел. +7(727)228-25-65 (ішкі 5071).

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: Ainur.Rakhmetova@aaengineering.kz; +77085227363.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысандағы ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ сайтында қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы:
«Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел. 8(7212)56-41-27.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Akmaya Tungsten» информирует о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектной документации, для получения экологического разрешения на воздействие при строительстве горно-обогатительного комбината на месторождении Ақмая в Карагандинской области (Проект нормативов допустимых выбросов, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды).

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта: Карагандинская область, Шетский район, Шетский с.о., с.Унрек.

Географические координаты:

№ п/п	х	у
1	48°44'12"	73°00'37"
2	48°44'15"	73°03'13"
3	48°43'02"	73°03'16"
4	48°43'00"	73°01'09"
5	48°43'05"	73°00'57"
6	48°43'35"	73°00'38"

Дата и время проведения слушаний посредством открытого собрания: 09.09.2026 г. в 12.00.

Место: Карагандинская область, Шетский район, Шетский сельский округ, село Унрек, улица Унрек, здание 24а, в здании ГУ «Аппарат акима Шетского сельского округа Шетского района Карагандинской области».

Регистрация участников ведётся при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Ссылка для проведения слушаний в онлайн формате, посредством Zoom конференции:
https://zoom.us/j/93119443773?pwd=mfTbbN0NF8YqAJYOey3KasU8BiBW1W.1
Идентификатор конференции: 931 1944 3773
Код доступа: 2хур3В

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Akmaya Tungsten», 050051, г.Алматы, Медеуский район, пр.Достык, дом 210, 13 этаж, 190640005009, Николай Куценко, +77058555033, nikolai.kutsenko@aaengineering.kz

Реквизиты и контактные данные разработчика документации: ТОО «AAEngineering Group», БИН 931140000158, 050000, г. Алматы, мкр. Нур-Алатау, ул.Е.Рахмадиев, д. 21, тел. 8 (7272)282-565 вн. 5071.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на официальном интернет-ресурсе МИО: https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang.

При необходимости, с бумажной версией документов, выносимых на общественные слушания, можно ознакомиться по предварительному требованию, тел. +7(727)228-25-65 (в. 5071).

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: Ainur.Rakhmetova@aaengineering.kz; +77085227363.

Замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний принимаются на сайте: https://ndbecology.gov.kz/

Электронный и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа:
ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», expertiza.upr_krg@mail.ru, 100008, г.Караганда, ул.Лободы, 20, тел. 8(7212)56-41-27

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.



Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Nova Цинк» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 31 тамызда сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті, Абай көшесі, 3, «Шұғыла» мәдениет үйі ғимаратында «Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кентінде орналасқан Ақжал байыту фабрикасының қалдық шаруашылығын реконструкциялау және кеңейту» жобасы бойынша Ықтимал әсерлер туралы есепке қатысты қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталдан, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсынан танысуға болады.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктіріл-

мей ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесі арқылы, сондай-ақ, expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Төтенше жағдай енгізілген және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі:

<https://teams.microsoft.com/meet/494251340410178?p=uhsQc4zllcCMj7AunB>

Жиналыс идентификаторы: 494 251 340 410 178
Қол жеткізу коды: eP3KA6Yr.

Қосымша ақпаратты info@ecoprof.kz электрондық поштасы немесе +7 (7212) 41-61-91 телефоны арқылы алуға болады.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Nova Цинк» ЖШС, БСН: 970240000334, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті, Өнеркәсіп ай-

мағы 1-ғимарат. тел.: 8(771)931-31-03.

Жобаны әзірлеуші: «ЕсоProf KZ» ЖШС, БСН: 131240019006. Занды мекен-жайы: M01F2B4, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Аманжолов көшесі, 17/3-үй, н.п.1. тел.: +7(7212)41-61-91, e-mail: info@ecoprof.kz.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенттік әкімшілігі.

Жер учаскесінің географиялық координаттары: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенттік әкімшілігі:

1) 47°46'28.03" С.Ш., 73°56'49.19" В.Д.;
2) 47°46'27.20" С.Ш., 73°57'46.89" В.Д.;
3) 47°45'44.16" С.Ш., 73°57'50.52" В.Д.;
4) 47°45'51.64" С.Ш., 73°56'34.19" В.Д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Қарағанды облысы, Шет ауданы, - 47°45'17.61" С.Ш., 73°58'2.91" В.Д.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Nova Цинк» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает о проведении общественных слушаний в 11 час 00 мин. 31 августа 2026 года по адресу область Карагандинская область, Шетский район, пос.Акжал, ул.Абая 3, здание Дом культуры «Шугыла» по Отчету о возможных воздействиях по проекту «Реконструкция и расширение хвостового хозяйства Акжалской обогатительной фабрики, расположенной в Карагандинской области, Шетском районе, п.Акжал».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных

слушаний на сайте информационной системы ndbecology.gov.kz, а также expertiza.upr_krg@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социальной, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний:

<https://teams.microsoft.com/meet/494251340410178?p=uhsQc4zllcCMj7AunB>

Идентификатор собрания: 494 251 340 410 178.
Код доступа: eP3KA6Yr.

Дополнительную информацию можно получить по адресу info@ecoprof.kz и по телефону + 7 (7212) 41-61-91.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Nova Цинк», БИН: 970240000334, Карагандинская область, Шетский район, пос.Акжал, Промзона здание 1.

тел.: 8(771)931-31-03.

Разработчик проекта: ТОО «ЕсоProf KZ», БИН: 131240019006. Юридический адрес: M01F2B4, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Аманжолова, д.17/3, н.п. 1.

тел.: +7(7212)41-61-91, e-mail: info@ecoprof.kz.

Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район, Акжалская поселковая администрация.

Географические координаты участка: Карагандинская область, Шетский район, Акжалская поселковая администрация:

1) 47°46'28.03" СШ, 73°56'49.19" ВД.;
2) 47°46'27.20" СШ, 73°57'46.89" ВД.;
3) 47°45'44.16" СШ, 73°57'50.52" ВД.;
4) 47°45'51.64" СШ, 73°56'34.19" ВД.

Географические координаты территории воздействия: Карагандинская область, Шетский район, - 47°45'17.61"С, 73°58'2.91"В.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Базылова Рахата Амантаевича, умершего 12 февраля 2026 года.

Всем заинтересованным лицам обращаться к частный нотариусу Закирбекова Еркебулан Дулатовича, по адресу Карагандинская область, Шетский район, с.Аксу-Аюлы, улица Шортанбая 16а, телефон 8 778 207 49 09.

Еске алу



Ақсу-Аюлы ауылының тумалары, ардақты өке, немерелерінің сүйікті атасы **Шөлбай ЖАМАНБЕКҰЛЫНЫҢ** бақилық болғанына 6 жыл, ардақты да, аяулы анамыз, қамқоршы тірегіміз, немерелерінің сүйікті әжесі **Зылқия** (Зылиха) **ЖЕКСЕНБЫҚЫЗЫНЫҢ** фәни дүниеден бақиға кеткеніне 10 жыл толып отыр. Маңайларына мейірім шуағын төгіп, ізгіліктің алып емені болған қайран ата-анамыз бабалар көшіне ілесіп, қайтпас сапарға аттанды.

Амал нешік, бүгінде сағым бейнелері көңілді құлазытып, жүректі сыздатқан сағынышқа айналды. Алла өзі ата-анамызға мейірім шапағатын төгіп, жандарын мәңгілік пейіште шалқытсын.

Асқар тауым, ақкөңіл жан әкешім,
Өтті 6 жыл, жоқсыз бүгін жанымда.
Қабыл болсын әр дұғамыз ниетпен,
Жүзің қалды мәңгі менің жадымда.

Асыл Ана, мейірімді күнім ең,
Бір тал гүлін үкілеген үнім ең.
10 жыл өтті кеткелі өзің Анашым
Сағынышпен тебірендім бүгін мен.
Ізгіліктің жаршысы едің жақтаған,
Шөкірттерің мәңгі есінде сақтаған...
Туған-туыс, халқың дұға етуде,
Жатқан жерің жайлы болсын жан анам.

Аяулы жандарды сағына еске алушылар: күйеу баласы - **Санжар**, қызы - **Әлия** және **немерелері**.

Ата-анамыздың рухына бағышталған ас 9-шы тамыз күні сағат 13.00-де Ақсу-Аюлы ауылындағы "Қазығұрт" дәмхана-сында беріледі.

Аяулы жандарға дұға бағышталатын асқа ағайын-туыс, нағашы-жиен, құда-жекжат, бауырлар, көрші-қолан, жора-жолдастар, анамыз бен әкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

22 мамыр 2026 жылы қайтыс болған Ашамаева Рымкеш Қалакбаевнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ХАБАРЛАНДЫРУ

10 ақпан 2026 жылы қайтыс болған Бопанов Жанат Шакаримовичтың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ХАБАРЛАНДЫРУ

23 наурыз 2026 жылы қайтыс болған Тамшин Темир Калиякпаровичтың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ХАБАРЛАНДЫРУ

02 ақпан 2026 жылы қайтыс болған Турсумбеков Марат Кадыркулулының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Сейпишева Калкабека Зарубаевича, умершего 06 мая 2026 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадыр, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Имандылық

ИМАНДЫ БОЛУ - ПАРЫЗЫҢ

Кімде-кім жүрегін иман үшін, тілін шындық үшін ұстаса, өзін салихалы тұтса, көп тыңдап, аз сөйлейтін болса, ол иманды адам, бақытты адам.

Біреуге зиян келтірме, біреудің өзіне залал келтіруіне жол берме. Мұның екеуі де исламда жоқ.

Мұсылмандардың өзара алты хұқы бар: сәлем беру мен алу, шақырса бару, ақыл-кеңес сұраса айту, ауырса көңіл сұрау, өлсе жаназасына қатысу.

Кездескенде кім бірінші болып сәлем берсе, сол адам төңір алдында да, адам алдында да иманды адам. Иманның жақсысы - сабырлы және кеңпейілді болу.

Төңір әйелдермен сыпайы сөйлесуді бұйырады, себебі әйел - анаңыз, әжеңіз, қызыңыз.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Nova Цинк» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 31 тамызда сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті, Абай көшесі, 3, «Шұғыла» мәдениет үйі ғимаратында «2026-2029 жылдарға арналған «Nova Цинк» ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатындағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалық құжаттама» бойынша қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталдан, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсынан танысуға болады.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесі арқылы, сондай-ақ, expertiza.

upr_krg@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Төтенше жағдай енгізілген және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі:

<https://teams.microsoft.com/join/477251607480410?p=yWv3vCYlcD1nu8rQhG>

Жиналыс идентификациялық коды: 477 251 607 480 410.

Қол жеткізу коды: 6aN7sH6G.

Қосымша ақпаратты info@ecoprof.kz электрондық поштасы немесе +7(7212)41-61-91 телефоны арқылы алуға болады.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Nova Цинк» ЖШС, БСН: 970240000334, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті, Өнеркәсіп аймағы 1-ғимарат. тел.: 8(771)931-31-03.

Жобаны әзірлеуші: «EcoProf KZ» ЖШС, БСН: 131240019006. Занды мекен-

жайы: M01F2B4, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Аманжолов көшесі, 17/3-үй, н.п.1. тел.: +7(7212)41-61-91, e-mail: info@ecoprof.kz.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенттік әкімшілігі.

Жер учаскесінің географиялық координаттары: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенттік әкімшілігі:

- 1) 47°45'17" С.Ш, 74°00'00" В.Д;
- 2) 47°46'00" С.Ш, 74°00'00" В.Д.;
- 3) 47°45'54" С.Ш, 74°03'41" В.Д.;
- 4) 47°45'40" С.Ш, 74°03'42" В.Д.
- 5) 47°45'27" С.Ш, 74°04'21" В.Д.
- 6) 47°45'11" С.Ш, 74°04'19" В.Д.
- 7) 47°45'17" С.Ш, 74°03'42" В.Д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті - 47°44'53.03" С.Ш, 74°1'29.46" В.Д.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Nova Цинк» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает о проведении общественных слушаний в 12 час 00 мин. 31 августа 2026 года по адресу область Карагандинская область, Шетский район, пос. Ақжал, ул. Абая 3, здание Дом культуры «Шұғыла» по «Проектная документация по охране окружающей среды для получения экологического разрешения на воздействие для ТОО «Nova Цинк» на 2026-2029 гг.».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте информационной системы ndbecology.gov.kz, а также expertiza.upr_krg@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний:

<https://teams.microsoft.com/join/477251607480410?p=yWv3vCYlcD1nu8rQhG>

Идентификатор собрания: 477 251 607 480 410.

Код доступа: 6aN7sH6G.

Дополнительную информацию можно получить по адресу info@ecoprof.kz и по телефону + 7(7212)41-61-91.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Nova Цинк», БИН: 970240000334, Карагандинская область, Шетский район, пос. Ақжал, Промзона здание 1. тел.: 8(771)931-31-03.

Разработчик проекта: ТОО «EcoProf KZ», БИН: 131240019006. Юридический адрес: M01F2B4, Республика Казахстан, г.Ка-

раганда, ул.Аманжолова, д.17/3, н.п. 1.

тел.: +7(7212)41-61-91, e-mail: info@ecoprof.kz.

Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район, Ақжалская поселковая администрация.

Географические координаты участка: Карагандинская область, Шетский район, Ақжалская поселковая администрация:

- 1) 47°45'17" С.Ш, 74°00'00" В.Д;
- 2) 47°46'00" С.Ш, 74°00'00" В.Д.;
- 3) 47°45'54" С.Ш, 74°03'41" В.Д.;
- 4) 47°45'40" С.Ш, 74°03'42" В.Д.
- 5) 47°45'27" С.Ш, 74°04'21" В.Д.
- 6) 47°45'11" С.Ш, 74°04'19" В.Д.
- 7) 47°45'17" С.Ш, 74°03'42" В.Д.

Географические координаты территории воздействия: Карагандинская область, Шетский район, пос. Ақжал - 47°44'53.03" С.Ш, 74°1'29.46" В.Д.

Бір ауылдан екі хабар

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ РЕТРО БИ КЕШІ

Жақында Красная поляна ауылындағы Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен ашық аспан астында тұрғындарға арналған ерекше ретро би кеші жоғары деңгейде өтті.

Кештің басты ерекшелігі - өткен жылдардың атмосфера-сын толықтай сезіндіретін ретро стильдегі безендіру болды.

дары көтеріңкі көңіл күймен билеп, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрды. Іс-шараға өртүрлі жастағы тұрғындар белсене қатысып, кештен ерекше әсер алып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Осындай мәдени іс-шаралар ауыл тұрғындарының бірлігін нығайтып, бос уақыттарын маз-



Арнайы дайындалған фотоаймақ, сол дәуірдің сәнін келтірген лимонад, сағыздар, «Мампаси» және «Юпи» сынды төгілер мен сусындар кеш қонақтарына балалық шақтың ыстық естеліктерін қайта сыйлады.

Кеш барысында көпшілік сүйіп тыңдайтын ретро әуендер шырқалып, ауыл тұрғын-

мұнды өткізуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта да Мәдениет үйі ауыл тұрғындары үшін тағылымды әрі қызықты мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруды жалғастырады.

Барша қатысушыларға белсенділіктері мен көтеріңкі көңіл күйлері үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

БАЛАЛАРҒА КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАҒАН МЕРЕКЕ

Ауылымыздың Мәдениет үйінде ауыл балаларына арналған ерекше «Қарбыз Party» мерекелік іс-шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Іс-шара Мәтибек Дастан Қайыпбайұлының қаржылай қолдауымен өткізілді.

Мерекелік бағдарлама барысында балалар түрлі қызықты ойындарға қатысып, би билеп,

тылмас әсер сыйлау болды. Осындай тәрбиелік, әрі танымдық іс-шаралар жас ұрпақтың бір-бірімен достық қарым-қатынасын нығайтып, бос уақытын тиімді өткізуге зор мүмкіндік береді.

Мәдениет үйі ұжымы балаларға ерекше мерекелік көңіл күй сыйлауға қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған Дастан



көңілді эстафеталарға белсенді араласты. Сондай-ақ, төтті қарбыздан дәм татып, көтеріңкі көңіл күйге бөленді. Балалардың шат күлкісі мен жарқын жүздері мерекенің басты сәніне айналды.

Бұл игі шараның басты мақсаты - балалардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастырып, оларға қуаныш пен ұмы-

Қайыпбайұлына шынайы алғысын білдіреді. Осындай игі істеріңіз көпке үлгі болып, еңбегіңізге толағай табыс, отбасыңызға амандық пен береке тілейміз.


Жазира АМАЛБАЕВА,
ауылдық мәдениет үйінің
менгерушісі.
Красная поляна ауылы.

БАННЕР БАСЫП ШЫҒАРУҒА ТАПСЫРЫСТАР ҚАБЫЛДАЙМЫЗ!

Шет аудандық «Шет шұғыласы» газетінің редакциясында әр түрлі көлемде әдемі дизайнмен дүкендерге, басқа да сауда орындарына, тойға, көшелерге баннер басып шығаруға тапсырыстар қабылдаймыз.

Бізде тәжірибесі бар маман жұмыс жасайды.

Тапсырыс берем деушілер болса редакцияның 8 (71031) 21142 телефонына немесе баспагер Мейрамбектің 8 707 991 6398 ұялы телефонына хабарласуға болады.



Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Директор-редактор
Мейрам Дәулетбекұлы
СӘДУАҚАСОВ



Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы, жауапты хатшы тел. 8 702 484 30 86
Айтолқын Төленбергенова бас бухгалтер тел. 8 777 574 89 31.
Нұрғалиев Мейрамбек 8 7079916398 баспа маманы

Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Тарауымы 1000 дана. Газеттің басылу сапасына «Арқо» баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72. Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы «АРКО» баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.